

ҚҰҚЫҚТАР
ҮШІН ЖАЗ

AMNESTY
INTERNATIONAL



МИКИТА ЗАЛАТАРОУ
БЕЛАРУСЬ

ЖАСӨСПІРІМДІ ҰРЫП-
СОҒЫП, ЭЛЕКТР ТОҚПЕН
ҚИНАП, ТҮРМЕГЕ ЖАПТЫ



ҚҰҚЫҚТАР ҮШІН ЖАЗ

ӨМІРЛЕРДІ ӨЗГЕРТЕТІН ХАТТАРДЫ 20 ЖЫЛ ЖАЗУ

Санаулы адамдар біріксе, нәтижелері таңқаларлық болуы мүмкін.

Жиырма жыл бұрын Польшада белсенділердің шағын тобы 24 сағат бойы хат жазу марафонын өткізді. Осы идея келесі жылдары тарап кетті. Бүгін Құқықтар үшін жаз науқаны әлемдегі адам құқықтары бойынша ең ірі оқиға болып табылады.

2001 жылы 2326 әріптен бастап, 2020 ж. 4,5 миллион хат, твиттер, петицияларға қол қою мен басқа әрекеттерімен дүние жүзіндегі адамдар география кедергі емес деген ой төңірегінде бірігіп, сөз күшін қолданды. Осы тұлғалар бірлесіп, жылдар бойы 100-ден астам адамның өмірін өзгертуге, азаптаудан, қудалаудан не әділсіз қамаудан босатуға көмектесті.

Биылғы науқан осы қолдауды бейбіт белсенділігі, көзқарастары не жеке ерекшеліктері үшін қудаланған адамдарға бағыттады. Бұған ЛГБТИ белсенділері, қоршаған ортаны қорғаушылар мен бейбіт шерушілер жатады. Осы адамдарды әртүрлі ұрып-соқты, түрмеге жапты, атты, қудалап, қорқытты. Құқықтар үшін жаз науқаны арқылы олар бүкіл әлемнен мыңдаған адамдардың ынтымақтастық хабарларын алады. Олар да, олардың отбасылары да жағдайлары жұртшылықтың назарында және ұмытылмағандарын біледі.

Хат жазу әрекеттерімен қатар Amnesty сол адамдардың өмірлерін өзгертуге әлі келетіндермен, мысалы саясаткерлермен сөйлеседі. Сонымен бірге, Құқықтар үшін жаз науқаны қоғамдық шаралар арқылы осы әділетсіздіктерді көрсетіп, әлеуметтік желілерде халықаралық назар аудартады.



Amnesty International Тайван ұйымдастырған хат жазу шарасы, 2020 ж. желтоқсан.

Өткен жылдары науқанға қатысқан адамдар мен топтар осы әрекеттер ерекше екенін айтып, көп адамдар оларға алаңдағаны күш беретінін сипаттайды.

Осы адамдар мен ұқсас жағдайдағы адамдар мен топтарға елдерінің биліктері өз көзқарастарын жақсы жаққа өзгерткені жиі жағдайда көзге көрінеді. Айыптаудан бас тартып, адамдар қамаудан босатылуы мүмкін. Адамдарға адамгершілікпен қарап, әділетсіздікке қарсы жаңа заңдар не ережелер енгізіліп жатады.

- Қорғап жүрген адамдарымыз туралы оқыңыз: www.amnesty.org/writeforrights
- Өз еліңіздері Amnesty бөлімшесімен байланысыңыз: www.amnesty.org/countries
- @Amnesty қолдау туралы твит жазып, #W4R21 хэштегін пайдаланыңыз.

БАСТАР АЛДЫНДА

Адам құқықтары туралы білім алу әртүрлі жағдайда, мысалы, сыныптар, қауымдастық пен отбасылар, белсенді топтарда, онлайн немесе дәстүрлі түрде жүзеге асырылуы мүмкін. Ұйымдастырушы ретінде нақты топтың қажеттіліктері мен ерекшеліктеріне сәйкес іс-әрекеттеріңізді бейімдей аласыз. Мысалы, талқыланып жатқан мәселе бойынша бұрын не білгенін, топ мөлшерін және белсенді қатысуға мүмкіндік беру үшін сабақты қалай ұйымдастыру керек екенін, сабақ өтетін бөлме мен басқа да жағдайды белгілеуіңіз мүмкін. Қатысушылар іс бойынша қолдау шарасын бастар алдында өздеріне қауіпсіз болуын талқылаңыз.

Сабақтардың бәрі қатыстыру әдісіне негізделеді, мұнда оқушыларға ақпарат ұсынылып қана қоймай, олар іске байланысты мәселелерді зерттейді, талқылайды, талдайды және сұрақ қояды. Бұл әдістеме кең білім беру мақсаттары үшін өте маңызды, өйткені қатысушылар:

маңызды дағдыларды **ДАМЫТАДЫ**

өз пікірін қалыптастыру, сұрақ қою және зерттелетін мәселелерді тереңірек түсінуге **МҮМКІНДІК АЛАДЫ**

Өз оқу үдерісін **БАСҚАРЫП**, мүдделері, қабілеті мен көзқарастарына сәйкес талқылау ұйымдастырады

Ықыласпен қатысып, өз көзқарасын қалыптастыруға керекті **АЯҒА ИЕ БОЛУҒА** мүмкіндік береді

- Белсенді қатыстыру оқыту әдістемесімен таныс болмасаңыз, бастар алдында Amnesty International **Көмекші оқулығымен** танысыңыз, оны мына сілтеме бойынша таба аласыз: www.amnesty.org/en/documents/ACT35/020/2011/en/
- Amnesty International адам құқықтары оқу курстарын ұсынады, соның ішінде **Хаттар марафоны** туралы айтатын құқық қорғаушылар туралы қысқаша курс: <https://academy.amnesty.org/learn>



СІЗДІҢ СӨЗІҢІЗ ЫҚПАЛДЫ



САУД АРАБИЯСЫНДА БЕЛСЕНДІ БОСАТЫЛДЫ

Әйелдер бостандығы үшін күресуші Нассима ас-Сада 2018 жылы адам құқықтарын бейбіт түрде қорғағаны үшін қамауға алынды. Түрмеде күзетшілер оны ұрып-соққан және бәрімен, тіпті өз адвокатымен де кездесуге тыйым салған. Бірақ 777,611 хаттар, твиттер және тағы басқаны жазған бүкіл әлемдегі жақтастарының арқасында Нассима 2021 жылғы маусымда бостандыққа шығып, отбасы мен достарына қайта оралды.

ҮШ БАЛАНЫҢ ӘҚЕСІ ОТБАСЫМЕН ҚАЙТА ҚАУЫШТЫ

2018 жылдың сәуірінде Бурундиде ҰЕҰ қызметкері және құқық қорғаушы Жермен Рукуки жалған айыптаумен кінәлі деп танылып, 32 жылға бас бостандығынан айырылды. Ол қамалғаннан бірнеше жетіден кейін дүниеге келген кіші баласын қолына алу мүмкіндігіне ие болмай, тұтқындалды. Оның отбасы жазалаудан қорқып, елден кетті. 2021 жылғы 30 маусымда Жермен оны босатуға шақырған 436 000-нан астам шаралардың арқасында ақыры бостандыққа шықты және отбасымен қайта қосылды.



© Private

ОҢТҮСТІК АФРИКАДА ӘДІЛСӨТ БІР ҚАДАМҒА ЖАҚЫН БОЛДЫ

Поли Квабе мен Бонгека Фунгула атты екі досты 2017 жылғы мамырда түнгі сапарға шыққанда өлтірді. Олардың отбасылары полиция тергеуінің тұрақсыздығы мен ұзаққа созылғанынан әлі күнге дейін қиналып келеді. Алайда 2021 жылғы наурызда полиция бүкіл дүние жүзінен отбасыларды жақтастарынан қол қойылған 341 106 петиция алғаннан кейін істі қайта қозғады. Полиция өз тергеуін аяқтап, істі Ұлттық Прокуратурасына жіберді. «Мен сенімдімін», - деді Полидің әпкесі Тембелиле. «Ақыры, бірдеңе өзгеретіндей сезінемін».



© Private



АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ

Адам құқықтары әрқайсымызға тән негізгі бостандықтар мен қорғау құралдары. Олар жасына, азаматтығына, жынысына, нәсіліне, дініне немесе жеке өміріне қарамастан, қадір-қасиет, теңдік және өзара құрмет қағидаларына негізделген.

Құқықтарыңыз өзіңізге де, өзгелерге де әділ қарау және өз өміріне қатысты шешім қабылдау мүмкіндігіне ие болуы керек. Осы негізгі адам құқықтары жалпыға ортақ болып табылады, олар бәрімізге де, осы дүниедегі әрқайсымызға тән. Оларды бізден тартып алуға болмайды. Олар бөлінбейді және өзара тәуелді болып табылады, бәрі бірдей маңызды және өзара байланысты.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде жасалған жан түршігерлік қылмыстардан кейін Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясынан басталған халықаралық адам құқықтарының құралдары бүкіл әлемде өмірді жақсарту үшін ұлттық, аймақтық және халықаралық заң құжаттарына берік шеңбер жасады. Адам құқықтары үкіметтер үшін заң ретінде болды. Олар үкіметтер мен шенеуніктердің өз юрисдикциясы шеңберінде және одан тыс жерлерде адамдардың құқықтарын құрметтеу, қорғау және орындау міндеттерін жүктейді.

Адам құқықтары сән-салтанатқа қана арналған әшекей бұйымдары емес.



Amnesty International Бениндегі хат жазу шарасы, 2020 ж. желтоқсан.









АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ ЖАЛПЫҒА ОРТАҚ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ

АҚЖОД Екінші дүниежүзілік соғыстан бірнеше жыл өткен соң Біріккен Ұлттар Ұйымымен дайындалды. 1948 жылдан бастап ол адам құқықтары жөніндегі халықаралық жүйенің негізін қалады. Әлемнің барлық елдері осы құжаттың 30-бабында көрсетілген жалпы қағидаларды сақтауға міндетті екендеріне келісті.

Атынан белгілі болғандай, АҚЖОД декларация болып табылады. Бұл әлемдегі кез-келген үкіметтің жеке адамдарға қатысты белгілі бір стандарттарды сақтайтындығы туралы мәлімдемесі. Адам құқығы халықаралық құқықтың бір бөлігіне айналды: АҚЖОД қабылданғаннан бастап оның қағидалары негізінде көптеген басқа міндетті заңдар мен келісімдер жасалды. Дәл осы заңдар мен келісімдер Amnesty International сияқты ұйымдарға біздің «Хаттар марафонында» көрсетілген мемлекеттің көзқарасын өзгертуге үндеу жасау негізін береді.



АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ ЖАЛПЫҒА ОРТАҚ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ

 <p>АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТАР МЕН БОСТАНДЫҚТАР Өмір сүру құқығы, азаптау мен құлдықтан еркін болу құқығы, кемсітілмеу құқығы.</p>	<p>1-бап Қадір-қасиет пен құқықтардағы еркіндік және теңдік</p> <p>2-бап Кемсітуден еркін болу</p> <p>3-бап Өмір сүру, бостандық пен жеке қауіпсіздік құқығы</p> <p>4-бап Құлдықтан еркін болу</p> <p>5-бап Азаптаудан еркін болу</p>
 <p>ЗАҢГЕРЛІК ҚҰҚЫҚТАР Кінәсіздік презумпциясына ие болу құқығы, әділсөт құқығы, заңсыз қамалмау не ұсталмау құқығы.</p>	<p>6-бап Бәрі де заңмен қорғалады</p> <p>7-бап Заң алдында бәрі тең</p> <p>8-бап Құқықтар бұзылғанда құқықтық қорғау</p> <p>9-бап Заңсыз қамау, ұстау не елден кетіруге тыйым салу</p> <p>10-бап Әділсөт құқығы</p> <p>11-бап Кінәсіздік презумпциясы</p> <p>14-бап Басқа елден пана және қорғау іздеу құқығы</p>
 <p>ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰҚЫҚТАР Оқу, отбасы құру және отбасылық өмір сүру, демалу, медициналық қызмет алу құқығы.</p>	<p>12-бап Жеке және отбасы өміріне ие болу құқығы</p> <p>13-бап Тұратын жерін тағдау және өз мемлекеті аумағында еркін жүру құқығы</p> <p>16-бап Некеге тұру және отбасы құру құқығы</p> <p>24-бап Демалу құқығы</p> <p>26-бап Білім алу, оның ішінде ақысыз бастауыш білім алу</p>
 <p>ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАР Мүлікке ие болу, еңбек ету, баспана, тиімді өмір деңгейіне ие болу құқығы.</p>	<p>15-бап Азаматтыққа ие болу құқығы</p> <p>17-бап Мүлікке ие болу құқығы</p> <p>22-бап Әлеуметтік қамтамасыз ету құқығы</p> <p>23-бап Еңбек, әділ еңбекақы және кәсіподаққа мүше болу құқығы</p> <p>25-бап Денсаулық сақтау мен жақсылықта өмір сүру құқығы</p>
 <p>САЯСИ ҚҰҚЫҚТАР Өз елінде мемлекеттік қызметте істеу, сайлауға қатысу, бейбіт жиналу бостандығына ие болу құқығы, пікір білдіру, дінге сену және наным-сенім бостандығы.</p>	<p>18-бап Дінге сену және наным-сенім бостандығы</p> <p>19-бап Пікір білдіру және ақпарат тарату құқығы</p> <p>20-бап Бірлесу және бейбіт жиналу бостандығы</p> <p>21-бап Саясатқа қатысу және мемлекеттік қызметке тең қол жеткізу</p>
 <p>МӘДЕНИ ҚҰҚЫҚТАР, ҒЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҚҰҚЫҚТАРЫ Қоғамның мәдени өміріне қатысу құқығы.</p>	<p>27-бап Қоғамның мәдени өміріне қатысу</p> <p>28-бап Барлық құқықтар толығымен жүзеге асырылатын дүние жүзілік тәртіпке ие болу құқығы.</p> <p>29-бап Басқалардың құқықтарын сақтау және қадірлеу міндеті</p> <p>30-бап Ешкім Сіздің құқықтарыңызды тартып ала алмайды!</p>



ӘРЕКЕТ

ӘДІЛСӨТ ҚҰҚЫҒЫ

НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР

- Әділсөт
- Азаптау
- Ювеналдық юстиция

ОСЫ ӘРЕКЕТ ТУРАЛЫ

Бұл әрекет әділсөт құқығын осы құқықты бұзу нақты оқиғаларын пайдаланып, зерттейді. Іс-шараның екінші бөлігінде қатысушылар Микита Залатароудың атынан наразылық білдіру үшін хат жазып, ынтымақтастық білдіре алады.

ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Қатысушылар:

- әділсөт ұғымын **түсініп**, оны өз өмірімен байланыстырады;
- әділсөт құқығын бұзудың салдарын **сипаттайды**;
- балаларға қатысты әділсөттың арнайы халықаралық стандарттарын **мазмұндайды**;
- әділсөт құқығы бұзылған адамдарға **жанашырлық танытады**;
- Amnesty International Құқықтар үшін жаз науқаны туралы **біледі**;
- Микита Залатароуды қолдайтын және ынтымақтасатын хаттар **жазады**.

ЖАСЫ: 13+

КЕРЕКТІ УАҚЫТ

60 минут.

КЕРЕКТІ МАТЕРИАЛДАР

- Тарату материалы: Әділет жүйесіндегі балалар (10 -бет)
- Тарату материалы: әділ сот (11-14 беттер)
- Тарату материалы: әділ сотқа қатысты құқықтар (9 -бет)
- Тарату материалы: Микита Залатароудың әңгімесі (14 -бет)
- Стикерлер (екі түсті)
- Қағаз, қалам, конверт, маркалар

ДАЙЫНДЫҚ

- **Тарату материалындағы** төрт істі басып шығарыңыз: Әділсөт (11-14-беттер) және оларды бөлменің айналасына қойыңыз.
- Осыны әр қатысушыға басып шығарыңыз:
 - **Тарату материалы: әділсөтқа қатысты құқықтар** (9-бет),
 - **Тарату материалы: Әділет жүйесіндегі балалар** (10-бет)
 - **Микита Залатароу оқиғасы** (14-бет).
- **Балаларға арналған Бала құқықтары туралы Конвенцияны** мына жерден жүктеп алыңыз және басып шығарыңыз: www.unicef.org/media/60981/file/convention-rights-child-text-child-friendly-version.pdf
- Amnesty International адам құқықтары академиясы арқылы балалардың құқықтары туралы көбірек біліңіз: <https://academy.amnesty.org/learn/course/external/view/elearning/221/an-introduction-to-child-rights>

COVID-19 ШАРАЛАРЫН САҚТАҢЫЗ

COVID-19 пандемиясы кезінде денсаулыққа қатысты үкіметтің барлық нұсқауларын ұстанғаныңызға және қауіпсіздік пен әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып сабақ өткізетініңізге көз жеткізіңіз.

Егер сабақ онлайн өтсе:

- Қауіпсіз қатысу және сөйлесуді қамтамасыз ететін платформасын **таңдаңыз**.
- Әркім өз пікірімен бөлісіп, (кіші топтарда) қорытынды жасауға қатысуға **мүмкіндігі болатындай** сабақ өткізіңіз.
- Сабақ кезінде қиындық туғызбайтындай, қатысушыларға техникалық қолдауды **қамтамасыз етіңіз**.

МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТУ

Айта кету керек, бұл іс-шара зорлық-зомбылық туралы және Беларусьтағы нағыз балаға әсер ететін басқа да қиын жағдайлар туралы айтады. Ол қатысушыларға әртүрлі әсер етуі мүмкін. Қатысушылардың көңіл-күйін білу үшін олармен бірге болыңыз.

1. ҚАНШАЛЫҚТЫ ӘДІЛЕТТІ?

Тарату материалы: әділ соттан (11-14 беттер) алынған төрт істі бөлменің әр жағында қойыңыз.

Қатысушылардан бөлменің ішінде жүріп, істерді оқуды сұраңыз. Әрбір қатысушы әр жағдайда адамға қаншалықты әділ немесе әділетсіз қарағаны туралы дауыс беру үшін төмендегі өлшем бойынша есептеуі керек. Қатысушылар әр жағдай бойынша дауыс берген соң, өз орындарына қайта отыру керек.

Қатысушылармен дауыс беру нәтижелерін және адамдарға әділ не әділетсіз қарағанын талқылаңыз. Олардан ұқсастықтар мен айырмашылықтарды атап өтуді сұраңыз, әсіресе Микита Залатароу ісінде (4 -іс).



10 МИНУТ



20 МИНУТ

2. ӘДІЛСӨТ ҚҰҚЫҒЫ: МИКИТА ЗАЛАТАРОУ

Тарату материалы: сотқа қатысты құқықтарды (9 -бет) қатысушыларға таратып беріңіз, сондай -ақ екі түрлі түсті стикерлерді беріңіз. Қатысушыларға осы тарату материалды келесі тапсырмаға сілтеме ретінде пайдалана алатынын түсіндіріңіз.

Қатысушылардан қабырғалардағы әр түрлі істерді қарап, араларында айналу сұраңыз. Бұл жолы олар бір түсті стикерге бұзылды деп ойлайтын кез келген әділ сот құқықтарын жазып, басқа түсті стикерге сол адамның орнында қалай сезінетінін жазуы керек. Қандай түс құқықтар үшін, қайсысы сезім үшін қолданылатынын алдын ала көрсету керек. Олар стикердегі жазбаларды тиісті істің жанына қоюы керек.

Қатысушылар аяқтаған соң оларды жауаптарын талқылауға шақырыңыз.

Қатысушылардан келесі сұрақтарға жауап беруді сұраңыз:

- Микита Залатароудың әділсот құқығы сақталды деп ойлайсыз ба?
- Бұл оның өміріне қандай әсер етті?
- Оның басқа құқықтары бар екені және бала болғандықтан, оған басқаша қарау керек деп ойлайсыз ба?

Қылмыс жасады деп айыпталған немесе сотталған барлық адамдардың адам құқықтарын, оның ішінде әділсот құқығын сақтау керек екенін түсіндіре отырып, қорытынды жасаңыз. Сонымен қатар, қылмыс жасады деп күдіктелген балалардың бала ретінде белгілі бір құқықтары бар және ересек күдіктілерге қарағанда, оларға басқаша қарау керек. Бұл құқықтар мен қорғаулар БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы Конвенциясында келіпденген.

■ Қосымша: уақыт болса, төмендегі сілтеме бойынша UNICEF дайындаған Бала құқықтары туралы Конвенцияның жеңілдетілген түрін пайдаланып, бала құқықтарын түсіндіріңіз: www.unicef.org/media/60981/file/convention-rights-child-text-child-friendly-version.pdf

3. СӨТ ЖҮЙЕСІНДЕ БАЛА ҚҰҚЫҚТАРЫН САҚТАУ

Шағын топтар құрыңыз. Әр топқа **Микита Залатароу ісінің** көшірмесін (14-бет) және **Тарату материалы: Сот жүйесіндегі балалар** (10-бет) беріңіз. Бұл әділет жүйесіндегі балаларға арналған арнайы құқықтар мен қорғаныстар тізімі екенін түсіндіріңіз.

Топтардан тізімге қарап, Микитаға қатысты осы құқықтар мен қорғаныстардың қайсысы сақталмағанын белгілеуді сұраңыз.

Қосымша: Тізімдегі құқықтар мен қорғаныстарды бірінен соң бірін оқып шығыңыз және қатысушылардан Микитаға қатысты сақталмаған не қорғалмаған деп ойласа, қолдарын көтерулерін сұраңыз.

Қатысушылардан келесі сұрақтарға жауап беруді сұраңыз:

- Микитаның бала/жасөспірім ретінде нақты құқықтары мен қорғаулары бұзылды ма?
- Бұл құқықтардың бұзылуы оның өміріне қандай әсер етеді?
- Өзіңіз осындай жағдайда болсаңыз, қалай сезінер едіңіз? Сіздің өміріңіз қалай өзгерер еді?

Топтарды қайта қосып, пікірлерімен бөлісіңіз.

Микита жағдайында оның адам құқықтары мен әділсот құқығының жоққа шығарылғанын, сонымен бірге бала ретінде нақты қандай құқықтары бұзылғанын түсіндіріңіз. Осы себепті Amnesty International **Микитаны босатуды және балаларға қатысты әділсот халықаралық стандарттарына сәйкес келетін сот процесін жүргізуді** сұрайды.



20 МИНУТ





4. МИКИТА ҮШІН ӘРЕКЕТ ЖАСАҢЫЗ

**10 МИНУТ**

Amnesty-дың Құқықтар үшін жаз науқаны туралы айтыңыз. Amnesty адамдарды Микита Залатароуды қолдау үшін хат жазуға шақыратынын түсіндіріңіз. Өткен жылғы науқаннан мысалдар (3-бет) келтіріп, хаттар жазу мен басқа әрекеттерді жахаю қаншалықты сәтті болатынын көрсейіңіз.

Қатысушыларға рұқсат етілген уақыт ішінде әрекет жасауға уақыт жетпесе, оларды кейін қалай жасауға болатынын жоспарлауға шақырыңыз немесе әрекеттерді топтарға бөліп беріңіз. Оларды креативті болуға шақырыңыз.

■ Уақытыңыз болса, Құқықтар үшін жаз науқаны туралы осы бес минуттық видеомен бөлісіңіз: <https://academy.amnesty.org/learn/course/external/view/elearning/145/write-for-rights-a-short-guide>

ХАТ ЖАЗЫҢЫЗ

Қатысушыларды Беларусь Бас Прокурорына хат жазуға шақырып, осы оң жақтағы байланыс ақпаратын пайдаланыңыз.

Шенеуніктерге жеке хабарлама ең көп әсер етуі мүмкін екенін түсіндіріңіз. Қатысушыларға хат жазуға көмектесу үшін келесі нұсқауларды бере аласыз:

- Бас прокурорға өзіңіз туралы бірдеңе айтыңыз.
- Микита Залатарудың ісінде Сізді не таң қалдыратынын айтыңыз.
- Беларусь билігіне **Микитаны босатуды және оның балаларға қатысты халықаралық әділсөт стандарттарына сәйкес сот жүргізуді қамтамасыз етуін** айт.
- Қосымша: 15-беттегі хат үлгісін пайдалануға болады.

Беларусь Республикасының Бас Прокуроры
Интернациональная көшесі, 22
220030, Минск қаласы
Беларусь

Сәлемдесу: Құрметті Бас Прокурор

Email: info@prokuratura.gov.by

Facebook: www.facebook.com/prokuraturaby

Twitter: [@prokuraturaby](https://twitter.com/prokuraturaby)

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ БІЛДІРІҢІЗ

Қатысушыларды Микита Залатароуға хат жазып, жігерлендіру арқылы бірлік пен достық танытуға шақырыңыз. Қатысушыларға хаттар ұзын болмауы керектігін айтыңыз.

Мақсаты - Микитаға бүкіл әлемде көптеген адамдар ол туралы ойлайтынын сезіндіру. Оны не қуантады, не күлдіретінін ойланыңыз.

Егер сіз Minecraft-та Микита сияқты болсаңыз, ойынға бостандық пен үмітті білдіретін ортаны құруға тырысыңыз, оларды басып шығарып, оған жіберіңіз.

Микита Залатароу
ВК-2 тәрбиелеу колониясы
Батов көшесі, 4
Бобруйск
213800 Могилевск облысы
Беларусь



ТАРАТУ МАТЕРИАЛЫ

ҚАТЫСТЫ ҚҰҚЫҚТАР

ӘДІЛСӨТ ЖӘНЕ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ

Әрбір үкімет қылмысқа кінәлі адамдарды жауапқа тартуға міндетті. Алайда, адамдар әділетсіз сотқа ұшыраса, әділдік орнамайды. Құқық қорғау органдарының қызметкерлері адамдарды азаптаған немесе басқаша қатыгездікпен қараған кезде, жазықсыз адамдар сотталғанда немесе сот процестері әділетсіз болған кезде әділсот жүйесі сенімділігін жоғалтады. Полиция бөлімінде, тергеу изоляторында, сотта және түрмеде адам құқықтары сақталмаса, үкімет өз міндеттерін орындамағаны.

СОТҚА ДЕЙІНГІ ҚҰҚЫҚТАР

Қылмыстық сот процесі айыпталушы құқықтары процесте сақталған жағдайда ғана әділ болады. Әркімге сот басталғанға дейін бірнеше құқықтар берілген. Оларға:

- сот процесі аяқталғанға дейін босату құқығы (кейбір ерекшеліктерді қоспағанда)
- қамауда отырған адамдардың ақпаратқа ие болу құқықтары
- адвокаттың көмегіне жүгіну құқығы
- сыртқы әлемге қол жеткізу құқығы
- судьяға тез арада жеткізілу құқығы
- ұстаудың заңдылығына шағымдану құқығы
- ақылға қонымды уақыт ішінде өтетін сот процесіне құқығы.

СОТ КЕЗІНДЕГІ ҚҰҚЫҚТАР

Бұл сот процесі кезінде әркімге тиесілі құқықтар:

- заң мен сот алдындағы теңдік құқығы;
- заңмен белгіленген құзыретті
- әділсот құқығы;
- ашық тыңдауға қатысу құқығы;
- кінәсіз деп тану құқығы (сотқа дейін қолданылады)
- куәлік беруге немесе өз кінәсін мойындауға мәжбүрленбеу құқығы (сотқа дейін қолданылады)
- азаптау немесе мәжбүрлеу нәтижесінде алынған дәлелдемелерді алып тастау міндеті
- кері күші бар заңдарға немесе екі рет жазалануға тыйым салу
- сотты негізсіз кейінге қалдырмау құқығы
- өзін-өзі қорғау құқығы
- сот талқылауына өзі қатысу құқығы
- куәгерлерді шақыру және жауап алу құқығы
- төтенше жағдайлар мен қарулы қақтығыстар кезінде әділсот жалғасуы тиіс
- аудармашыға ие болу құқығы (сотқа дейін қолданылады)
- ақылға қонымды уақыт ішінде көпшілік алдында дәлелді шешім қабылдау құқығы
- заңсыз жазаға тартылмау құқығы
- нәтижеге шағымдану құқығы.



ТАРАТУ МАТЕРИАЛЫ

СОТ ЖҮЙЕСІНДЕГІ БАЛАЛАР

Қылмыс жасады деп айыпталған немесе сотталған адамдардың бәрінің де адам құқықтары сақталуы тиіс. Сонымен қатар, қылмыс жасады деп күдіктелген балаларға ересек күдіктілерге қарағанда басқаша қарау керек. Балаларға арналған бұл қосымша құқықтар мен қорғаныстар БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы Конвенциясына сәйкес кепілдендірілген.

ҰСТАУ

Заңды бұзды деп айыпталған балалардың мынадай құқықтары бар:

- құқықтық көмек алу және әділеттілікпен қарау;
- мемлекет есебінен адвокатқа жүгіну;
- қамауға алынған сәттен бастап ата-анасымен немесе басқа жауапты ересек адамдармен кездесуге;
- сотқа дейін аса қажет болмаса, қамауға алынбау.

Ешбір жағдайда балаларды азаптауға болмайды, оларға қатыгездікпен қарауға немесе қылмысын мойындауға мәжбүрлеуге болмайды. Сот кезінде балалар өздерінің отбасы мен адвокаттың қолдауына ие болуы керек.

Судья баланың жасы мен мұқтаждарын ескеріп, ісі әділ қаралуын қамтамасыз етуі тиіс.

ЖАЗАЛАУ

Балаларды ешқашан өлім жазасына кесуге немесе өмір бойы түрмеге жіберуге болмайды. Бас бостандығынан айыру жазасы тек ерекше жағдайларда ғана соңғы шара ретінде және ең қысқа мерзімге қолданылуы тиіс. Балаларды физикалық немесе психикалық жағынан зиянды түрде жазалауға болмайды. Мүмкіндігінше, балалар ресми сот ісі мен түрме жазасына тартылудың орнына қоғамға негізделген және қалпына келтіретін сот бағдарламаларына қатысуы керек.

ТҮРМЕДЕГІ ҚҰҚЫҚТАР

Түрмеге жіберілген балалар:

- адвокатпен және отбасы мүшелерімен байланыста болуы тиіс
- ересектермен бірге ұстауға болмайды
- физикалық жазаға тартылмауы керек
- тамақ сияқты негізгі мұқтаждарға тыйым салуға болмайды
- азаптауға немесе басқаша қатыгездікке ұшырамауы тиіс;
- басқа балалармен түрмеде уақыт өткізе алуы керек;
- жеке камерада ұстауға болмайды;
- білімін жалғастыра алуы керек; және
- қажет болса, денсаулығын сақтау үшін медициналық көмек алуы тиіс.

БҰҰ Бала құқықтары Конвенциясына сәйкес, балалар осы және басқа да кепілдерге ие.



© Private

Микита Залатаров қамауға дейін

■ Балалар құқықтарының толық тізімін осыдан оқи аласыз: www.unicef.org/media/60981/file/convention-rights-child-text-child-friendly-version.pdf



ТАРАТУ МАТЕРИАЛЫ

ӘДІЛСӨТ

1-ІС: МЕ НАМ ОҚИҒАСЫ

Нгуен Нгок Ну Куинх әрқашан әділетсіздікке қарсы күрескен. Интернетте Ме Нам немесе «Саңырауқұлақ ана» деген бірінші баласына қойғаннан лақап атпен белгілі, ол пікір білдіру жиі жағдайда қылмыс болып табылатын Вьетнамда ең ықпалды блогерлердің бірі болды. Ол адам құқығын қорғағаны және шындықты айтқаны үшін ғана үнемі қысымға ұшырады. Ол Фейсбукте полиция қатыгездігі мен қоршаған орта мәселелері, оның ішінде мыңдаған балықтарды өлтіретін улы өндіріс қоқыстары туралы мақалаларды репост жасап, шара қолдануға шақырды. Ол сонымен қатар үндеуге көмектесетін 1000-нан астам блогерден тұратын тәуелсіз желі құрды. 2017 жылғы маусымда ол мемлекетке қарсы «насихат жүргізді» деген айыппен 10 жылға бас бостандығынан айырылды. Оған қарсы келтірілген дәлелдердің арасында қоғамдық наразылыққа қатысу, полиция учаскелерінде кісі өлімі туралы баяндама жариялау және мемлекетті сынға алған поэзия жинақтары болды. Сол кезде анасы айтқандай: «Менің қызым қалыпты қоғамда қалыпты нәрсе жасады». Түрмеде оның денсаулығы қатты нашарлады және ол өзінің қиын жағдайына наразылық білдіру үшін аштық жариялады. Оның қатаң үкімі өз елінде ашық сөйлейтін адамдарды ауыздықтауға бағытталған кеңірек әрекеттің бөлігі болды.



© Private

ӨЛШЕ: ОҒАН ҚАНШАЛЫҚТЫ ӘДІЛДІКПЕН ҚАРАДЫ?

ӘДІЛ 1 2 3 4 5 ӘДІЛЕТСІЗ





ТАРАТУ МАТЕРИАЛЫ

ӘДІЛСОТ

2-ІС: АТЕНА ДАЕМИ ОҚИҒАСЫ

Көптеген адамдар сияқты, Атена Дэми Иранда өлім жазасын тоқтатуды армандады. Ол Facebook пен Twitter-де елдің өлім жазасын сынаған жазбалар жазды. Ол парақшалар таратып, жас әйелдің өліміне қарсы бейбіт шеруге қатысты. Өкінішке орай, бұл Иранда үлкен батылдықты талап ететін қарапайым әрекеттер. Адам сенбестей, бұл әрекеттер оның қылмыстық әрекетінің «айғағы» ретінде аталып, жеті жылға бас бостандығынан айыруға әкелді. Оның сот процесі жалған болды - бар-жоғы 15 минутқа созылып, «ұлттық қауіпсіздікке қарсы қылмыс жасау үшін жиналу және келісу» сияқты жалған айыптармен сотталды. Оған қатыгездікпен қарау - әділетті Иран үшін үндейтін адамдарды қатаң қудалаудың тағы бір ащы мысалы. Ондаған адамдар түрмеге қамалды, ал қалғандары бақылауға алынып, тергеліп, жауапқа тартылып, үнсіз болуға мәжбүр болды. Атена қазірдің өзінде көп зардап шекті. Оны ұрып-соғып, бұрыш шашып, камерада жалғыз ұстады, бірақ ол адам құқықтары үшін күресін жалғастыруда. Ол адам құқықтары сақталмайтын түрмеге ауыстырылуына наразылық білдіру үшін аштық жариялады. Оның денсаулығы да жабық болғанда қатты нашарлады.



© Private

ӨЛШЕ: ОҒАН ҚАНШАЛЫҚТЫ ӘДІЛДІКПЕН ҚАРАДЫ?






ТАРАТУ МАТЕРИАЛЫ

ӘДІЛСӨТ

**3-ІС: КАРЛОС РОДРИГЕС ОҚИҒАСЫ
(ОЙДАН ШЫҒАРЫЛҒАН)**

Карлос Родригеске 2006 жылдың 4 қаңтарында кісі өлтірді деген айып тағылды. Екі күннен кейін сотқа барды. Оған адвокатын таңдауға рұқсат берілмеді, бірақ сот адвокат тағайындады. Бұл адвокатының кісі өлтіру бойынша бірінші қылмыстық ісі болатын. Ол Карлосстың пайдасына қандай да бір дәлел жинауға тырысқанда, адвокат Карлосстың пайдасына маңызды мәселелерді көтере алмады. Полиция сотқа дейін бірнеше айда жинаған Карлосқа қарсы көптеген дәлелдерді сотта келтіре алды. Карлос кінәлі деп танылып, өлім жазасына кесілді.



ӨЛШЕ: ОҒАН ҚАНШАЛЫҚТЫ ӘДІЛДІКПЕН ҚАРАДЫ?





ТАРАТУ МАТЕРИАЛЫ

ӘДІЛСӨТ

4-ІС: МИКИТА ЗАЛАТАРОУ ОҚИҒАСЫ

Соңғы уақытқа дейін Микита Залатароу әдеттегі жасөспірім болды. Ол Minecraft ойнағанды және рэп музыкасын тыңдағанды ұнататын. Бүгінде эпилепсиямен ауыратын 17 жастағы жасөспірім Minecraft-тың Nether тозағынан да жаман әлемде өмір сүріп жатыр.

Бәрі 2020 жылғы тамызында басталды, дейді Микита әкесі. Сол кезде Микита Беларусьтің оңтүстік-шығысындағы Гомель қаласы басты алаңында досын күтіп тұрған. Алыс емес жерде адамдар жақында өткен президенттік сайлаудың нәтижелеріне наразылық білдіріп тұрғанда, полиция келе қалды. Микитаның әкесі айтқандай, жиналғандар қаша бастаған кезде, біреу Микитаға қаш деп айтты - ол қашты.

Келесі күні - 11 тамызда полиция қызметкерлері Микитаның үйіне келді. Олар оны ұрып-соғып, алдыңғы түні екі офицерге Молотов коктейлін лақтырды деп айыптап, тұтқындады. Оны қамауда ұстаған кезде олар оны электр тоғымен ұрған. Офицерлер одан адвокатсыз не заңды өкілінсіз жауап алып, сотқа дейін алты айға қамады.

Микита жаппай тәртіпсіздікке қатысқаны үшін және заңсыз жарылғыш заттарды қолданғаны үшін сотталды, бірақ бейне дәлелдемелер оның зорлық-зомбылыққа қатысқанын көрсетпеді. Бұқаралық ақпарат құралдары демонстрациялар туралы жазғанда, ешқандай жаппай тұтқындауды айтқан жоқ. Соған қарамастан, судья Микитаны балалар тәрбиелеу колониясында бес жылға бас бостандығынан айырды.

ӨЛШЕ: ОҒАН ҚАНШАЛЫҚТЫ ӘДІЛДІКПЕН ҚАРАДЫ?



© Private

ӘДІЛ 1 2 3 4 5 ӘДІЛЕТСІЗ





ТАРАТУ МАТЕРИАЛЫ

ХАТ ҮЛГІСІ

МИКИТА ЗАЛАТАРОУ - БЕЛАРУСЬ

Беларусь Республикасының Бас Прокуроры

Интернациональная көшесі, 22

220030 Минск

Беларусь

Құрметті Бас Прокурор

Микита Залатароу досын Гомель көшесінде күтіп тұрғанда, 2020 жылғы 10 тамызында наразылық білдірушілердің арасында қалып қойды. 24 сағат ішінде, эпилепсиямен ауыратын 16 жасар бала полицияда ұсталып, Молотов коктейлін лақтырды деп айыпталды. Офицерлер оны ұрып-соғып, электр тоқпен қинап, адвокатсыз немесе жауапты ересек адамсыз тергеді және сотқа дейін алты айға қамады. Микита қандай да бір зорлық-зомбылыққа қатысы бар екенін көрсететін дәлелдемелер жоқтығына қарамастан, айыпты деп танылып, бес жылға бас бостандығынан айырылды.

Балалар істерін сотта қарау халықаралық стандарттарына сәйкес келетін соты аяқталғанға дейін оның бостандыққа шығуын қамтамасыз ету үшін бар күшіңізді салыңыз.

Құрметпен,

Микита Залатароу (ортасында)



AMNESTY INTERNATIONAL ТУРАЛЫ

Amnesty International әділетсіздікке қарсы 10 миллионнан астам адамдардың ғаламдық қозғалысы. Біз адам құқығы баршаға ортақ болатын әлем үшін науқан жүргіземіз.

Біз кез келген жерде болған адам құқықтары бұзушылықтарын зерттеп, осы туралы фактілерді жария етеміз. Біз үкіметтер мен басқа да ықпалды топтарды, мысалы, ірі компанияларды өз уәделерінде тұруға және халықаралық құқықты сақтауға шақырамыз. Біз көмектескен адамдардың оқиғаларын айту арқылы дүние жүзіндегі миллиондаған жақтастарымызды өзгеріс жасауға және алдыңғы қатардағы белсенділерді қорғауға жігерлендіреміз. Оқыту және жетілдіру бағдарламалары көмегімен адамдарды өз құқықтарын қорғауды қолдаймыз.

Біздің жұмысымыз өлім жазасын жоюдан жыныстық репродуктивті құқықтарды алға бастыру, кемсітумен күресуден босқындар мен мигранттар құқықтарына дейін қорғап, адамдарға шабыт береді. Біз азаптауға жол беретіндерді жауапқа тартуға, репрессивті заңдарды өзгертуге және өз пікірін білдіргені үшін ғана түрмеге түскен адамдарды қорғауға көмектесеміз. Біз еркіндігі мен қадір-қасиетіне қауіп төнген әрбір адам үшін үн қосамыз.

AMNESTY INTERNATIONAL

Халықаралық хатшылық
Peter Benenson House
Истон көшесі, 1
Лондон WC1X 0DW
Біріккен Корольдік

Индекс: POL 32/4577/2021 Kazakh
2021 ж. қыркүйек

e: contactus@amnesty.org
t: +44-20-74135500
f: +44-20-79561157

www.amnesty.org

Басқаша көрсетілмесе, барлық суреттер © Amnesty International тиесілі.

Сыртқы қабаттағы сурет:
© Private

ҚҰҚЫҚТАР
ҮШІН ЖАЗ

AMNESTY
INTERNATIONAL

